

**Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 237 "Сырым ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы" қаулысының күшін жою туралы**

Батыс Қазақстан облысы Сырым ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 9 қазандағы № 357 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып, Сырым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігінің 2015 жылғы 14 шілдедегі № 237 "Сырым ауданының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3982 тіркелген, 2015 жылғы 20 тамызда "Сырым елі" газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Е.Сарсеновке жүктелсін.

*Аудан әкімі*

*А.Шыныбеков*